



### АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚТАР ДАУЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



### ӘУЕ КЕМЕСІН ТІЗГІНДЕГЕН АРУ

7-БЕТ | МЕРЕЙ



**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІН КЕҢЕЙТЕ ТҮСУ – МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ АЛДЫНДА ТҮРҒАН НЕ-ГІЗГІ МІНДЕТТІҢ БІРІ. ОСЫҒАН ОРАЙ, НАҚТЫ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНДЫ. ҚАЗІР БАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТАРЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ. БІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫНА БЕЛСЕНЕ АТСАЛЫСЫП ЖҮРГЕН ОСЫНДАЙ ІСКЕР АРУЛАРЫМЫЗҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕМІЗ. ТАЯУДА ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ЖАНДАНДЫРУ МАҚСАТЫМЕН ЕЛІМІЗ БОЙЫНША 17 ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ. ОСЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІН АРТТЫРУҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ ДЕП СЕНЕМІН. ЕЛІМІЗДЕГІ ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН БЕЛСЕНДІ ПАЙДАЛАНУДА. СОНЫҢ АЙҚЫН КӨРІНСІ – ҚАЗІРГІ ІНДЕТ КЕЗІНДЕГІ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРАМАСТАН, ЕЛІМІЗДЕ ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫНЫҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ АРТУДА. ІСКЕР АРУЛАРЫМЫЗДЫҢ АРҚАСЫНДА 1 МИЛЛИОННАН АСТАМ АЗАМАТЫМЫЗ ТҮРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛЫП ОТЫР. БІР СӨЗБЕН АЙТҚАНДА, АРУЛАРЫМЫЗҒА ТӘН ҒАЖАЙЫП ҮЙЛЕСІМ, АЙРЫҚША ҰМТЫЛЫС, ӘР ІСКЕ ДЕГЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАС, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ПЕН ЖАУАПҚЕРШІЛІК – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ЖАҢА БОЛМЫСЫН НЫҒАЙТАТЫН ҚАСИЕТТЕР.



### Ардақты аналар, аяулы арулар!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Әйел – әдемілік пен нәзіктіктің символы. Шаңыраққа береке мен жылулық сыйлап, өскелең ұрпақ тәрбиесінде алар орындарыңыз ерекше. Сіздер баға жетпес байлық – өмір сыйладыңыздар!

Нәзік жандарымыздың еңсермеген қиындығы мен жетпеген жетістіктері кемде-кем. Тәуелсіз еліміз бен елордамыздың жан-жақты дамуына өлшеусіз үлес қосып, тіпті ер-азаматтармен қатар иық тіресе күрделі салаларда да айтарлықтай жетістіктерге жеттіңіздер.

Елордамыздың да жеткен жетістіктері өздеріңізбен тығыз байланысты. Сіздер кез келген салада өздеріңіздің іскерлік қабілеттеріңіз бен кәсібиліктеріңізді көрсетіп келесіздер.

Осы орайда, Мемлекет басшысы әйел азаматтарымыздың әлеуетін де назардан тыс қалдырған емес. Бүгінде басшылық қызметтерде нәзік жандардың үлесі артып келеді.

Елбасы «Мына әлем әйелдердің мейірімділігіне байланған, отбасы неғұрлым берік болса, мемлекет те соғұрлым күшті» деген болатын. Мемлекет осыған тиісті жағдай жасау мақсатында жұмыс істеуде.

Сіздердің ашық-жарқын көңілдеріңіз, үйдегі жылулық пен жайлылық таланттарыңыз бен кәсіби шеберліктеріңіз үшін алғыс айтамын! Жылдың әрбір күні қуанышқа, бақытқа және жағымды тосынсыйларға толы болсын!

**Құрметпен,  
Алтай КӨЛГІНОВ,  
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі**



**наурыз**  
Халықаралық  
әйелдер күні

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



### ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАФИДАТЫ

**Бүгін елордада қала әкімдігінің бастамасымен халықтың әлеуметтік осал топтарына азық-түлік себеттері таратылады.**

Бұл – астанада дәстүрге айналған қайырымдылық шаралары жаңғыртуға бағытталған әрі ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Алғыс марафоны» және «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы және «30 игі іс» қайырымдылық марафоны аясындағы ізгілікті істердің жалғасы. Жалпы мерекелік акция барысында 6-7 наурыз күндері 200 отбасыға қайырымдылық көрсетілмек.

Қоғамның қайырымдылық келбетін айқындайтын іс-шара барысында әлеуметтік жағдайы төмен топтарды барынша қамтып, тыл ардагерлері, көпбалалы аналар, сонымен бірге ерекше қажеттілігі бар бала асырап отырған отбасыларға жеткізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен өтетін қайырымдылық шара барысында қала жастары көмек алушыларды мерекемде құттықтайды.

ӘЛЕУМЕТ



### МЕРЕКЕДЕ ТЕГІН ҚАРАЛАДЫ

**Ұлттық ғылыми онкология орталығы Халықаралық әйелдер мерекесіне орай 9 наурыз күні ашық есік күнін өткізеді.**

Бүгінгі таңда әйелдердің репродуктивтілік жүйесінде қатерлі ісіктер онкологиялық ауру түрлерінің ішінде анағұрлым кең тарап отыр. Орталық ашық есік күні, негізінен, онкодиспансерде тіркеуде тұрмаған әйелдерді қабылдайды. Бұл күні кез келген әйел маммологтар мен гинекологтардан тегін консультация алып, тексеріле алады.

Мамандар пандемияға байланысты шараны тиісті талаптарды сақтай отыра өткізеді. Шара аясында мамандарға қаралу үшін алдын ала 8 (7172) 702-911 call-орталық телефоны арқылы жазылу керек.

### ЕСКЕРТКІШ БОП ОРАЛСА...

5 наурыз – Алаш көсемі, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның туған күні. Осы атаулы датаға орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бүгін – тарихи тұлға Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл. Ол – халқымыздың біртұар перзенті, Алаш қозғалысының негізін қалаушы. XX ғасыр басында Әлихан бастаған қазақ зиялылары ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек етіп, мемлекетшілдіктің озық үлгісін көрсетті» деп жазды Twitter парақшасында. Тұғырлы тұлғаның мерейтойы биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен қатар келіп тұр. Бұл тұрғыдан қос мерейтой маңызы бұдан әрі артты.



8-БЕТ

### ҮЙ ЖАНЫНАН ҰЗАМАЙДЫ

Тұрғындардың өтініші бойынша Нұр-Сұлтан қаласының Железнодорожный, Интернациональный, Мичурин және Күйгенжар тұрғын алаптарында орналасқан фронт-офистерде ай сайын бірнеше күн бойы жәрдемақылар мен зейнетақы төлемдері берілетін болады.

«Қазпошта» АҚ басшылығы мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің қолдауымен тұрғын алаптар тұрғындары енді әр айдың 4-інен төрт жұмыс күні ішінде сағат 9.00-ден 18.00-ге

дейін фронт-офистерде жәрдемақылар мен зейнетақы төлемдерін алатын болды. Сондай-ақ коммуналдық қызметтерді төлеу кезеңінде әр айдың 15-інен бастап төрт жұ-

мыс күнінде (демалыс және мереке күндеріне түскен жағдайда жұмыс күнін ауыстыру арқылы) тұрғындар үшін «Қазпоштаның» мобильді поштасы да жұмыс істейді.



№26 (4150) 06/03/2021 Сенбі

## КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУҒА ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНАДЫ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен ҚР Президенті жанындағы Экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті. Мемлекеттік комиссия кәсіпкерлерді қолдау бойынша шұғыл шаралар топтамасын мақұлдады.



Комиссия отырысында жаңа экономикалық шынайлық жағдайында іскерлік белсенділікті ынталандыру мәселелері қаралды. Ұлттық экономика министрі Әсет Ергалиев, «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мадина Әбілқасымова, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов баяндама жасады. 2020 жылдан бастап ұлттық экономикадағы қалпына келтіру серпінін қамтамасыз ету мақсатында жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді, кәсіпкерлік қызметті жандандыруды, цифрландыруды, АӨК әлеуетін ашуды, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық, көлік, әлеуметтік және сауда инфрақұрылымын дамытуды көздейтін дағдарысқа қарсы шаралардың бірнеше топтамасы қабылданды. 2020 жылы COVID-19 пандемиясының салдарынан экономиканың ең көп зардап шеккен секторларының бірі шағын және орта бизнес болды. Осыған байланысты биыл «Атамекен» ҰКП 50 мыңнан астам кәсіпкерге қосымша қолдау шараларына қажеттілік ынталандыратын сауалнама жүргізді. Сауалнама нәтижелерінің негізінде 4 бағыт: бизнеске жүктемені азайту, қаржыландыруға, сұраныс нарықтарына және сапалы адам ресурстарына қолжетімділікті кеңейту бойынша 24 шарадан тұратын қосымша пакет әзірленді. Жаңа шаралар топтамасы осы жылдың 26 ақпанында Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Реформалар жөніндегі жоғары кеңес асында қаралды. Шаралар кешені экономиканың зардап шеккен салаларындағы ШОБ субъектілерінің ЭҚЖЖ

тізбесін 2021 жылғы 1 маусымға дейін жеңілдікті шарттармен қайта қаржыландыру үшін 29-дан 174-ке дейін кеңейтуді, мемлекеттік мүлік объектілері және квазимемлекеттік сектор мүлкі бойынша жалдау төлемдерін есептеуден 2021 жылғы 1 шілдеге дейін ШОБ зардап шеккен субъектілерін босатуды ұзартуды, ағымдағы жылдың соңына дейін мүлік салығын төлеуден босатуды ұзартуды, жұмыс берушіден алған қорғау қаражаты түрінде кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің табыстарын ЖТС-дан босатуды, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуға қолжетімділігін арттыру мен жеке кәсіпкерлердің банкроттығына мораторийді 2021 жылғы 1 шілдеге дейін ұзарту, отандық тауар өндірушілердің мемлекеттік сатып алуға қолжетімділігін арттыру, «Даму» ҚДҚ АҚ кепілдік беру құралын Ұлттық банктің жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасына таратуды қамтитын. Қосымша шаралар пакеті озық қалпына келтіру серпінін және жаңа экономикалық шынайлық жағдайында іскерлік белсенділікті ынталандыратын экожүйені қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тікелей іс-қимыл шаралары ағымдағы жылы ЖІӨ-нің 3%-ға өсуіне қол жеткізуге ықпал ететін болады, 3,3 млн-нан астам адам жұмыс істейтін 1,2 млн-нан астам кәсіпкерлік субъектілерін қолдауды қамтамасыз етеді. Премьер-министр Парламент Мәжілісіне 25 наурызға дейін енгізу үшін Ұлттық экономика министрлігіне қолданыстағы заңнамаға тиісті түзетулер топтамасын ағымдағы жылдың 12 наурызына дейін Үкіметке енгізуді тапсырды.



## ЫҚПАЛДАС ЕЛДЕРДІҢ ЫНТЫМАҒЫ

Қазақстан Президенті Экономикалық ынтымақтастық ұйымының 14-саммитіне қатысты. Видео конференция форматында өткен жиынға Пәкістан Премьер-министрі Имран Хан, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов, Ауғанстан Президенті Ашраф Гани, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Иран Президенті Хасан Рухани, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Хади Сулейманпур қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің басында бауырлас түрік халқына және Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға пандемияға қарсы күресте елімізге көмек көрсеткені үшін ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы осынау қиын-қыстау кезеңде елдеріміз жаһандық деңгейдегі өзара көмек пен қолдаудың қаншалықты маңызды екеніне тағы бір мәрте көз жеткізгенін атап өтті.

Президент баяндамасында пандемияның экономикаға тигізген кері әсерін еңсеруге баса мән берді.

– Қажетті қаржымен қамтамасыз етілген Дағдарысқа қарсы кешенді жоспарды іске асырудың арқасында Қазақстан пандемияның теріс әсерін барынша азайта алды. Тіпті құрылыс, ауыл шаруашылығы және өндіріс секіріс салаларда өсімге қол жеткіздік. Биыл біз ішкі жалпы өнім 3 пайыздан астам өседі деп жоспарлап отырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Экономикалық ынтымақтастық ұйымымен ықпалдастық Қазақстан сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Президенттің пікірінше, ұйым аясындағы өзара іс-қимылдың негізі инфрақұрылымдық, әлеуметтік және мәдени бағыттардағы ірі жобалар болуы керек. Қытаймен бірлесіп қолға алынған Транскаспий халықаралық көлік бағыты – сондай болашағы зор жобалардың бірі. Атап айтқанда, 2019 жылдың қараша айында Қазақстан, Қытай, Әзербайжан, Грузия және Түркияны байланыстыратын Сиань-Ыстамбұл-Прага бағыты бойынша контейнерлік пойызы жүре бастады. Былтыр сәуір айында Сиань-Издмир бағытындағы бірінші контейнерлік құрам жүріп өтті. Ол

7000 шақырым қашықтықты 16 күнде еңсерді.

– Бұл – өзара ықпалдастығымыздың жақсы үлгісі. Дегенмен орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін әлі де көп іс атқаруымыз керек. Биыл біз Қазақстан – Түрікменстан – Иран темір жол бағытының толық іске қосылуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Басқа да жаңа бағыттар пысықталуда. Түркістан мен Ташкент арасындағы жоғары жылдамдыққа арналған темір жол Қазақстанның да, Өзбекстанның да туристік әлеуетін арттырады деп күтілуде. Бұл жол уақытты екі сағатқа дейін қысқартуға және екі ел кәсіпкерлері арасындағы байланыстарды жеңілдетіп, әлеуметтік қатынастарды жақсартуға мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент өз сөзінде Қазақстанның Ауғанстандағы инфрақұрылымдық жобаларға қатысып жатқаны туралы мәлімдеді. Қазақстан ресейлік және өзбекстандық серіктестерімен бірлесіп, Мазари-Шариф – Кветта және Мазари-Шариф – Пешавар бағыттарында темір жол салып жатыр. Ауғанстанмен арадағы екіжақты сауда-саттықтың өсімі жылды 55 пайыз болған.

Бұл өңір үшін тағы бір маңызды басымдық – азық-түлік қауіпсіздігі. Президент Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық ұйымының ауыл шаруашылығы саласына қатысты барлық бастамаларын қолдайтынын айтып, мүше-мемлекеттерді Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына (IOFS) қосылуға шақырды. Аталған ұйымның штаб-пәтері Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан.

– Біз дистрибуторлық және логистикалық көтерме орталықтарының ұлттық желісін құру үшін жұмыс істеп жатырмыз.

Азық-түлік қауіпсіздігі мен оның қолжетімділігі – ортақ проблема. Сондықтан тиімді логистика құру үшін күш жұмылдырудың маңызы зор деп санаймыз. Қазақстан мен Өзбекстан шекарада Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың халықаралық орталығын ашады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев туризм саласының әлеуетін арттыру мәселесіне де тоқталды. Бұл сала пандемияға қарамастан, ынтымақтастықтың перспективті бағыттарының бірі болып қала берді.

– Қазақстан туристік саланың үлесін 2025 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің 8 пайызына дейін жеткізуді көздеп отыр. Біз Орталық Азия елдері мен күллі түркі әлемі үшін қасиетті саналатын Түркістан қаласын белсенді дамытып жатырмыз. Тек 2020 жылдың өзінде қаланың инфрақұрылымына, Түркістанның туризмі мен логистикасына құйылған ішкі инвестиция шамамен 1 миллиард долларды құрады. Түркістан Қазақстанның ТОП-10 туристік бағытына кірді. Бұл сіздердің елдеріңіздің инвесторлары мен туристері үшін тартымды өңір болмақ, – деді Президент.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласы да Қазақстанға келетін шетелдік инвестицияға «тарғылыс орталығы» бола алатынын атап өтті. Бәсекеге қабілетті тарифтер, жоғары білікті жұмыс күші және мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің басқа да көптеген мүмкіндіктері арқылы елге түрік компаниялары тартылды. Олар Қазақстанда жаңа ауруханалардың құрылысына және оларды жоғары технологиялы медициналық құралдармен жабдықтауға атсалысуда.

– Түркияның Rönesans Holding

компаниясы Қазақстанның жеті қаласында өз емханаларының құрылысын бастамақшы. Сондай-ақ біз Қазақ ұлттық онкология және радиология институтымен бірлесіп отырып, Биыл Алматы қаласында Томотерапия орталығын іске қосуды жоспарлап отырған Orhun Medical компаниясының жұмысына сәттілік тілейміз. Түрік компанияларымен ынтымақтастық жалғаса беретініне сенімдімін. Сонымен қатар біз Қазақстанның денсаулық сақтау саласына инвестиция құю үшін басқа да қатысушы-мемлекеттердегі серіктестерімізді шақыруға ниеттіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Экономикалық ынтымақтастық ұйымының тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсыныс жасады. Оның айтуынша, Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің төрағасы ретінде ЭЫҮ мен АӨСШҚ-нің экономика сааласындағы ынтымақтастығын дамытуға қолдау көрсетуге әзір. Аталған құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылдарды көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, қаржы, энергетика, туризм, цифрлық технологиялар және басқа да салалар бойынша дамытуға болады.

– Ортақ мүдделерді көздеген, бірлескен жобаларды нақты жүзеге асыруға негізделген жан-жақты ынтымақтастық қазіргі сын-қатерлерге төтеп беріп, ертеңгі күнге дайын болуға мүмкіндік жасайды деген ниеттеміз. Біз ұйымға үлкен үміт арттамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанға Экономикалық ынтымақтастық ұйымындағы төрағалығының сәтті өтуіне тілектестігін білдірді.

## Құрметті әйелдер қауымы!

Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің атынан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтауымызды қабыл алыңыздар!

Көктемнің алғашқы мерекесі әлемді жылулықпен, қуанышпен, сұлулықпен және жарықпен толтырады, себебі ол сіздерге арналған. Сіздер, адамзаттың әдемі жартысының өкілдері, әртүрлі қызмет салаларында талантты, күшті және беделдісіздер. Қазіргі өмірдің қарқынды ырғағында сіздер

мансап жасауға және балаларды тәрбиелеуге, қоғамдық жұмыстармен айналысуға және отбасылық істерді жүргізуге үлгерісіздер.

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, амандық және мерекелік көңіл күйі, жақындарыңыз бен туыстарыңыздың ықыласын тілеймін!

**Құрметпен, Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Сансызбай ЕСЛОВ**

## Ардақты аналар мен аяулы арулар!

Нұр-Сұлтан қаласының мәсихаты Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні – шуақты көктемнің ең ізгі, мейірім мен сүйіспеншілікке толы мерекесімен шын жүректен құттықтайды!

Аяулы аналардың нәзік жүрегі сүйген жарына, перзентіне, туған жері мен Отанына деген махаббатқа толы. Тіршілік атаулыға мағына, мән беріп, дүниені пәк қалпында ұстап тұрған – арулардың жүрегіндегі сол ізгі сезімдер.

Нәзік жандар қашанда сұлулығымен, даналығымен ғана емес, ерлігі және қайсарлығымен дараланған. Қазір де өліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянапай еңбек етіп

жүрген арулар баршылық. Біздің қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттік қызмет пен қоғамдық істе де, кәсіпкерлік пен төлімгерлікте де тамаша табыстарға қол жеткізе отырып, саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі.

Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасылық бақыт пен қызметтеріңізге сәттілік тілейміз! Өрқашан үйлесімділік, жайлылық пен жақсылықтың ошағы болуды тілейміз!

**Құрметпен, Нұр-Сұлтан қаласы мәсихатының хатшысы Ерлан КАНАЛИМОВ**

### АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

#### НҰР-СҰЛТАН

Елорданың жалпы білім беретін мектептерінің бәрінде оқушылар арасында эстетикалық тәрбие беру міндеттерін жүзеге асыру мақсатында 8 наурыз қарсаңында «Анамның күлкісі» атты онлайн-көрме ұйымдастырылып, «Қымбатты ана!» атты үздік бейнеқұттықтаулар, мерекелік ашықхаттар, қолдан жасалған бұйымдар мен басқа да жұмыстар дайындалады.

#### АЛМАТЫ

Алматы зообағында Австралияда мекендейтін сүр кенгуру төлдеді. 2017 жылы Новосібір қаласынан алып келінген сүр кенгурулердің үшінші төлдері. Үшінші кенгуру бытыр қыркүйекте туды. Оның қай күні туғанын дөп басып айту қиын. Себебі олар туысымен анасының қалтасына кіріп кетіп, қатайғанша қалтадан басын шығармайды екен. Ересек кенгуру тәулігіне 3 келі жеміс, сәбіз, орамжапырақ жейді.

#### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Қарғалы ауданы Желтау ауылдық округінде қазақ вальсінің королі, композитор Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығына арналған музей ашылды. Бұл шараға композитордың артында қалған мол мұрасын насихаттауда ерінбей еңбек етіп жүрген Қайыргали Арыстанғалиев қатысып, игілікті істің орындалуына өз үлесін қосты. Ауыл тұрғындары мен қонақтар мұражайды аралап көрген соң, көркемөнерпаздар әзірлеген концертті тамашалады.

#### АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Көкшетауда «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Онда қазақ әліпбиінің тарихы, жаңа графикасы мен құрамы, дыбыс – фонема арақатынасы, қазіргі дыбыс және емле нормалары мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Осындай іс-шаралар латын графикасындағы қазақ әліпбиіне өтуде нәтижесін береді деп есептейді ұйымдастырушылар.

#### ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Облыстың оңтүстік аудандарында ерте пісетін көкөніс егу науқаны басталды. Қазірдің өзінде жер емген дикандар 9 мың гектар алқапқа жүгері, жоңышқа, картоп пен бақша дақылдарын егіп үлгерген. Ал жетісайлық мен мақта-аралдық шаруалар қырыққабат көшетін арнаулы жабындының астына қаңтардың ортасында отырғызды. Ағымдағы жылы көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге 37 мың тонна жанар-жағармай бөлінген.

# ЖЕҢІЛДІКПЕН БЕРІЛЕТІН ПӘТЕРЛЕР САНЫ АРТАДЫ

«Баспана – өте өзекті мәселе. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіп келеміз. Жеңілдікпен берілетін пәтерлер салынып жатыр. Апатты жағдайдағы ескі үйлерді сүріп, қауіпті тұрғын үй кешендерді жөндеп келеміз. Сонымен бірге құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтап, пайдалануға беріп, тұрғындарды тұрғын үй сертификаттарымен қамтамасыз етіп жатырмыз. Жетекші құрылыс компанияларымен кездесуде маңызды мәселелер қатарын талқыладық» деп жазды Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында.

«Бірінші. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қолжетімді жеңілдікпен берілетін тұрғын үй құрылысын кеңейтуді жалғастырамыз. Мәселен, 2018 жылы – 1100 әлеуметтік пәтер, 2019 жылы 2900 пәтер салынса, 2020 жылы 7 мыңнан астам әлеуметтік пәтер салынды. Бұл көрсеткіш биыл 10 мыңға дейін артты.

Екінші. Елордада Елбасының бастамасымен үшінші жыл қатарынан (2019 жылдан бастап) «жұмыс істейтін жастарға арналған жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы жүзеге асып келеді. Ол бойынша жыл соңына дейін 1 мыңнан астам жастар баспаналы болады.

Үшінші. Қауіпті тұрғын үй кешендерін жөндеуді жалғастырамыз. Өткен жылы 50-ден астам көппәтерлі тұрғын үй кешені жасалды. Олардың ішінде балкондарымен «әйгілі» болған үйлер бар. Жел соққанда балкондар қабырғалардан алыстап кететін еді. «Территория комфорта-2» үйі де осы қатарға жатады.

Төртінші. Өткен жылы апатты жағдайдағы ескі үйлерден 200-ге жуық отбасы көшірілсе, биыл да дәл сонша отбасы көшіріледі.

Бесінші. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері 1 млн теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін көбейтілді. Сондай-ақ тұрғын үй сертификаттарын алушылардың санаттары кеңейтілді: егер бұрын тізімге халықтың әлеуметтік әлсіз тобынан 3 санат қана болса, енді барлық санаттар енді.

Алтыншы. Үлестік құрылыс нысандарын аяқтау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізі-



деміз. 2019 жылы 10 үлестік құрылыс нысаны салынып, пайдалануға берілді, бұл – 2,5 мың үлескер. 2020 жылы екі есе көп – 20 ТК аяқталды. Биыл тағы 7 мыңға жуық үлескерге кілттерді табыстауды жоспарлап отырмыз. Тұрғын үй мәселелерін шешу бойынша барлық шараларды бақылауда ұстаймыз» депі шаһар басшысы.

# АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ АЛҒА БАСАДЫ



Кеше Нұр-Сұлтан қаласы Азаматтық бастамалар орталығында елорданың азаматтық секторының дамуына үлес қосып жүрген әйелдерді марапаттау рәсімі өтті.

Мерекелік шарада елордадағы 40 ҰЕҰ-ның өкілі қала әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

«Құрметті ханымдар, сіздер тек Нұр-Сұлтан қаласының ғана емес, бүкіл еліміздің азаматтық қоғамының алға басуына үлес қосып жүрсіздер. Әрқайсыңызды бағалаймыз, сыйлаймыз. Жасап жатқан жұмыстарыңыз ауқымды, әсіресе әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету, балаларды оңалту сияқты саладағы еңбектеріңіз өлшеусіз. Қала әкімдігінің атынан сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен құттықтауға рұқсат етіңіздер» депі Нұр-Сұлтан қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабаұратов.

«Право» қоғамдық қорының директоры Ольга Рылъ әкімдік өкілдеріне алғысын айтып, үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік органдардың кез келген бастамасы мен жаңа жобаларын қолдауға дайын екендерін жеткізді.

«Құрметті ханымдар, әріптестер, сіздердің атыңыздан ұйымдастырушыларға алғыс білдіруіме рұқсат етіңіздер. Сіздер бізге сене аласыздар, біз әрқашан бастамаларыңызды қолдауға дайынбыз» депі Ольга Рылъ. Бүгінде елордада үш мыңға жуық үкіметтік емес ұйым тіркелген.


# «ASHYQ»-ТЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі мен елордалық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бірлесе кәсіпкерлік субъектілерін аралап, «Ashyq» мобильді қосымшасын пайдалануды түсіндіру бойынша баспасөз туры ұйымдастырды.

«Ashyq» қанатқақты жобасын жүзеге асыру елордада үстемізіндегі жылдың 17 қаңтарында басталды. Жаңа жоба алдымен фитнес орталықтар, спа орталықтар, сауналар мен бассейндерде енгізілді. Яғни клиенттердің қосымшаны жүктеу және QR-код бойынша сәйкестендіру бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ететін ресепшн жұмыс істейтін нысандар таңдалды.

Келушілер болды, 30 адамға қызмет көрсеттік. Бәрінде де «көк» мәртебе болды. «Қызыл» және «сары» мәртебе болған жоқ. Арнаулы оқудан өттік. Оның барысында «қызыл» мәртебесі бар адамдарды мекемеге жібермеу керектігін, міндетті түрде санитарлық-эпидемиологиялық қызметке хабарлау қажеттігін түсіндік. Қызметтерге қауіпсіз қызмет көрсету үшін жұмыстар жүргізіледі. Әр ойыннан кейін боулинг шараларын арнаулы сұйықтықтармен тазалап отырамыз, – деді «Думан» қонақүйіндегі боулинг орталығының басшысы М.Жангожин.

Қазіргі уақытта «Ashyq» қанатқақты жобасын іске асыруға 39 кәсіпкер өзінің келісін білдірді.



# ГҮЛМЕН КӨМКЕРІЛГЕН МЕРЕКЕ

8 наурыз мерекесі қарсаңында «1001 қызғалдақ» шарасы басталды.

– Нұр-Сұлтан қаласының «Астана жастары» еріктілер штабы мереке қарсаңында елордалық қыз-келіншектерді құттықтау үшін дәстүрлі «1001 қызғалдақ» акциясын бастады. Шарамызға белсенділік танытып жатқан гүл саудасындағы қызметкерлер мен кәсіпкерлерге және еріктілер штабына алғысымыз

шексіз, – деді Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы Тастемір Ақұлан.

Осылайша жастардың қолдауымен базарда және дүкендерде сатушы болып жұмыс істейтін әйелдер қауымына гүл тарту етіліп, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Биыл еріктілермен бірге нәзік жандыларға гүл үлестіруге «SOS» балалар қалашығының тәрбиеленушілері де қатысты. Ұйымдастырушылар мұндай шаралар балаларды әлеуметтендіруге және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді деп санайды. Аталмыш шара 3 күнге жалғасады.

## ЭЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Мен отбасымда ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырмын. Осы ретте тұрғын үй және басқа да әлеуметтік мәселелер бойынша қала әкімінің жеке қабылдауына қалай жазылуға болады?

**Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:**  
– Азаматтардың сұрақтарының басым бөлігі тұрғын үй мен әлеуметтік көмекке қатысты болады. Өткен жылдың күзінде тұрғын үй саласында қызмет көрсететін бірыңғай орталық осы септегі ашылды (Республика даңғылы, 32). Онда тұрғын үй кезегінің нөмірі, кезекке қалай тұру керекі, түрлі тұрғын үй бағдарламаларына қатысу жолдары мен т. с. с. ақпарат алуға болады. Әлеуметтік мәселелер бойынша көмек көрсетуге «Жаңа» отбасы институтын қолдау орталығы (Бейбітшілік көшесі, 14) бар. Онда «бір терезе» қағидаты бойынша қала тұрғындарына 70-тен астам мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Ашылған сәттен бастап (2019 жылғы тамыз айы) 41,5 мыңнан астам адам жүзініп, өздерін толғандырған мәселелерге қатысты кеңес алды. Осылайша қабылдауға жазылатын азаматтардың бір бөлігінің мәселелерін шешу басқа санаттағы қала тұрғындарының да мәселелерін шешуге мүмкіндік беріліп отыр.

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

**Сайлаубек СӘТЖАНОВ, елорда тұрғыны:**  
– Азаматтардың әлеуметтік мәртебесін растау автоматтандырылды деп естіп жатырмыз. Бұл қаншалықты қолайлы және оның игілігін қашан көреміз?

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің вице-министрі Ербол Осановтың мәліметін ұсынамыз:  
– «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі азаматтардың әлеуметтік мәртебесін растау процесін автоматтандыруды және қағаз құжаттарға балама ретінде цифрлық құжаттарды пайдалануды қолға алды. 2020 жылы министрлік Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп «Gov mobile» мобильдік қосымшасына

«зейнеткер куәлігі», «қандас куәлігі», «әлеуметтік ID» цифрлық құжаттарын шығарды. Биыл көпбалалы отбасыларға, мүгедектігі бар азаматтарға мобильдік қосымша арқылы 23 мың қызмет көрсетілген. Жоба қанатқақты режимде жұмыс істеуде. Бұдан басқа, төлемдерді онлайландырудың арқасында мемлекеттің әкімшілік шығыстарын үнемдеу жобасы аясында зейнетақы төлеу бойынша жылына 4,6 млрд теңге үнемдеуге болады. Бұл бағыттағы жұмыс биыл жүзеге асырылады.



## АУДАН ЖАҢАЛЫҒЫ

2021 жылға арналған «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында биылғы 4 наурыздан бастап Нұр-Сұлтан қаласының Алматы ауданы тұрғындарынан жобалар қабылданады.



Халықпен диалог арқылы билік аумағын басқарудың неғұрлым тиімді тәсілін анықтау мақсатында «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы бастау алды. Бұл – жергілікті атқарушы органдар мен халықтың өзара іс-қимылының цифрлық процесі. Оған сәйкес тұрғындар бюджеттік ақшаны қайда жұмсау керектігін өздері таңдай алады. Естеріңізге сала кетейік, өтінімдерді қабылдау 2021 жылдың 4 сәуіріне дейін жалғасады. Алматы ауданы бойынша бүгінге дейін қаланы жақсартуға байланысты 15 жобаны ұсыныстар түсті.

ШҚО	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
Ақын Шәкір Әбенұлының 120 жылдығына орай Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінде «Шыңғыстаудың шежірелі абызы» көрмесі ашылды. Көрмеде ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты аса бағалы жәдігерлер, ақынның тұлғасы мен танымын танытатын туындылар, оның ән-күй мұрасы, сан салалы өнердің иесі екендігін айғақтайтын қолөнер бұйымдары орын алған. Жылдар бойғы тарихтың сурлеуінен өткен Ш.Әбенұлының өмір жолын, шығармашылығын баяндайтын қызықты да әсерлі материалдарға орын берілген.	Арал өңірінде шешімін табуы қажет ететін көптеген экологиялық проблемаларға байланысты Халықаралық Аралды құтқару қорын Алматы қаласынан Қызылорда қаласына көшіру мәселесі қозғалды. Оның қызметінің негізгі мақсаты – Арал теңізі алабының қазақстандық бөлігіндегі су шаруашылығы, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайларды жақсарту бойынша өзекті мәселелерді шешуге және практикалық іс-шараларды үйлестіруге қолдау көрсету.	Дүниеге бір емес, 12 қыз және бір ұл әкелген 72 жастағы «Алтын алқалы» Сауле Қазенқызы Атырауда тұрады. «Қыз баланы қызыл алтынға теңеген аталарымыз бәрін екішеп, бастарынан өткен түрлі оқиғаны кейінгілерге өнеге еткен болар. «Қызы Алла береді. Олар кеңшілік кезде – гүлзарың, қиыншылықта – жәрдемшің, ауырғанда – күтушің» деген сөз қалай тауып айтылған!» деп шаттанады батыр ана.

# АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚТАР ДАУЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

«Астана тұрақ кеңістігі» ЖШС «Нұржол» желекжолы аймағына кірмейтін орындарда жұрт көлігін қойғаны үшін көп уақыт бойы заңсыз төлем алып келген. Енді Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған аудан-аралық экономикалық сотының шешімімен бұл паркоматтар жойылатын болды.



bi\_barys01@mail.ru

**Дәулет АСАУОВ**

## ЗАҢСЫЗ ПАРКОМАТТАР ЖОЙЫЛАТЫН БОЛДЫ

Тұрғындардан заңсыз паркоматтарға қатысты арыз-шағымдардың көбеюіне байланысты сотқа осы іс бойынша талап-арызды қаланың Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы жолдаған болатын. Сот талапкердің астананың ақылды көлік қою кеңістігін құру, пайдалану және басқару туралы шарттың бұзуына байланысты сотқа осы іс бойынша талап-арызды қаланың Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы жолдаған болатын. Сот талапкердің астананың ақылды көлік қою кеңістігін құру, пайдалану және басқару туралы шарттың бұзуына байланысты сотқа осы іс бойынша талап-арызды қаланың Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы жолдаған болатын.

шешімі заңды күшіне енгізілген жоқ. Наразы жақтың оны апелляциялық шағым түсіру үшін 1 ай мерзім берілген.

## ҚАТЕ ЖАСАЛҒАН ТӨЛЕМДЕР ҚАЙТАРЫЛУЫ ТИІС

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі заңсыз көлік қою орындарынан түскен ақшаны оператор өз қалтасына басқан деп санайды. Бұл туралы әкімдіктің ресми сайтында жарияланды. Сондықтан атқарушы билік тұрғындарды «Нұржол» желекжолынан басқа аймақтардағы көлік қою орындары үшін ақы төлемеуге шақырады.

– Кәсіпорын «Нұржол» желекжолы бойынша басқа жердегі паркоматтарды заңсыз орнатқан, ол тұстарға жол белгілері мен тиісінше ақпараттық қалқандар орнатылмаған. «Астана тұрақ кеңістігі» ЖШС-ке бұл туралы әлденеше рет мәлімделгенмен, біздің талаптарымызға құлақ аспады, – дейді әкімдікте.

Ревизиялық комиссия да серіктестік жалпы қолданыстағы автотұрақтардан заңсыз ақша алып келді деп айыптады. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы автоиелерді төлеген төлемдерді қайтарып беру үшін ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кіріс департаментіне хат жолдады.

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының өкілі Марат Есеркеповтің айтуынша, «Астана тұрақ кеңістігі» ЖШС «Нұржол» желекжолынан басқа аймақтарда адамдардың көлік қойғаны үшін төлем алуға қақысы жоқ көрінеді. Сондай-ақ компания бұл паркоматтарды орнатуға әкімдіктен рұқсат алмаған. Тиісінше паркоматтар жұмыс істеп тұрғалы қалалық бюджетке ешқандай қаржы түспеді. Оператордың өздігімен орнатқан паркоматтарына адамдар төлеген ақша қазына қорына құйылмай, кімнің қалтасына шөгіп қалғанын енді сот анықтауы тиіс.

– Қазір ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кіріс департаментінің шешімін күтіп отырмыз, одан жауап алған соң, заңсыз паркоматтардан түскен қаржыны қалай қайтарып алудың амалын қарастыратын боламыз, – деді Марат Есеркепов.

## ТАҒЫЛАН АЙЫППЕН КЕЛІСПЕЙДІ

Компания өкілдері әкімдіктің мұндай мәлімдемесімен келіспейді. «Астана тұрақ кеңістігі» ЖШС-ке қарасты көліктердің барлық тұрақ орындары Нұр-Сұлтан әкімдігінің және Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқарма-

сының теңгерімінде тұр. Ақылды тұрақ орындарына бөлінген жер учаскелері – жол-көлік торабының бөлігі және қаланың мемлекеттік коммуналдық меншігінде. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шартына сәйкес көрсетілген қызметтен түскен барлық қаржы мен салықтар қала бюджетіне төленген» дейді.

Серіктестіктің айтуынша, ақылды көлік тұрақтарын орналастыратын учаскелерді жергілікті атқарушы орган белгілеген, ал әкімдік заңсыз деп көрсетіп отырған ақылды тұрақтар шартта жазылып көрсетілген.

Тағы бір нақтылай кететіні, ақылды қызметтерге арналған айыппұлдарды Полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы тағайындайды. Мұндай деректерді тек солар ғана береді.

Естеріңізге сала кетейік, астанада ақылды көлік тұрақтары 2018 жылдың қаңтарынан бастап қызмет көрсетіп келеді. Олардың санын қала бойынша 5 мың орынға жеткізу жоспарланған. Бірақ өткен жылдың 3 қарашасы күні әкімдік қалада енді жаңа ақылды тұрақтар ашылмайды, ал «Нұржол» желекжолы бойынша басқа аймақтарда жұмыс істеп тұрған автотұрақтар сот шешімінен кейін жабалады деген мәлімдеме жасады.



# ЖАСТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРСЫН ДЕСЕК...

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссияның кезекті отырысы өтті. Жиында қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров 2021-2023 жылдарға арналған «Elorda jastary» бағдарламасын ресми түрде таныстырды.



karlynktem@gmail.com

**Көктем ҚАРҚЫН**

Қаламызда 14-29 жастағы азаматтардың жалпы саны – 230 мың. Қосшы,Талапкер, Қоянды, Ильинка ауылдарын қоса санағанда болсақ – 250 мың. Бағдарламада аталған азаматтарға 4 бағыт бойынша нақты қолдау көрсету көзделіп отыр. Жобаны дайындау барысында қала басшылығының қатысуымен 12 офлайн және онлайн кездесулер өткізілген. Сондай-ақ Google-да жүргізілген сауалнамаға белсенді жастардан 3000-нан астам ұсыныстар келіп түсті. Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы бағдарламаның 4 бағыты аясында жүзеге асыру жоспарланған іс-шараларға егжей-тегжейлі тоқталды.

– Бірінші, сапалы және қолжетімді білім бағытында жаңа Оқушылар сарайын салуды, 2021-2023 жылдар аралығында жоғары оқу орындарына (білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларында) 2142 білім грантын бөлуді, WorldSkills, JuniorSkills, DeafSkills аймақтық және ұлттық чемпионаттарына қатысу үшін құзыреттер санын (3 жыл ішінде 114-ке дейін) арттыруды, техникалық және кәсіптік білімі бар мемлекеттік білім беру тапсырыстарын 3 жыл ішінде 10806 грантқа дейін ұлғайтуды, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 3 жылға

3150 кадр даярлауды жоспарлап отырмыз. Екінші, кәсіпке бағдар, жұмыспен қамту және жастар кәсіпкерлігі бағыты бойынша студенттер үйінің құрылысы мен «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының дамыту көзделген. Сондай-ақ 35 жасқа дейінгі жастарға жылдық пайыздық мөлшері 5 пайызбен, несиелеу мерзімі 25 жылға дейін, бастапқы жарнасы 10 пайыз төлеммен 600 пәтерге арналған «Elorda zhastary» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасын енгізу жоспарлануда, осы бағдарлама қала әкімі Алтай Сейдірұлынан қолдау тапты. Қазіргі таңда біз Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы және Отбасы банкімен бірлесіп пәтер беру және қаржыландыру ережелері бойынша жұмыс істеудеміз. «Elorda zhastary» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасына қалалық бюджеттен 1 млрд теңге бөледі сұраймыз, – деді Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы.

Депутат Г.Жапарова баяндамашыға қайталануды болдырмау үшін әкімнің білім беру гранттары бөлу мәселелерін білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісуді ұсынса, В.Сергеев балаларды оқытуды қаржыландыра алмай жүрген жалғызбасты аналар санатына назар аударуды, бір бөлмелі пәтер үшін 13 млн теңге түбіртегін қайта қарауды ұсынды, өйткені қалада бір бөлмелі пәтердің бағасы 15 млн теңгеден басталады.

Қалалық мәслихат хатшысы Е.Каналимов тұрақты комиссия жұмысын қорытындылай келе, «Elorda jastary» бағдарламасының өзекті және қажет екенін атап айтты.

Одан кейін депутаттар «Береке», «Астана», «Байтерек», «Тақтай» аула клубтары аралап, үйірмелердің жағдайымен танысты. Бір өкініштісі, бүгінгі таңда аула клубтарының материалдық, техникалық базасы әбден ескірген. Біз барған «Береке» аула клубының жылу жүйесі істен шықса, қалған клубтардағы санитарлық нормалар мен қауіпсіздік жағдайы көңіл көншітпейді. «Кезінде аула клубтарын ашу керек болған соң, қай жер бос, сол жерді пайдалана берді. Аула клубтарының барлығы жертелелерде орналасқан. Жертөледен шығып, айналадағы басқа да жақын ғимараттарға ауысуымыз тиіс. Бұл жер бала денсаулығына да, тәрбие ісіне де кері әсерін тигізеді. Сондықтан аула клубтарына қаржы бөлу мәселесін, жалпы теңдерді 1 жылдан 3 жылға ұзартқанымыз абзал» деді Қайрат Қамбаров.

«Аула клубтарының жағдайына толық көзіміз жетіп отыр. Енді шет аудандардан клубтарды көптеп ашып, техникалық базасын қайта жаңартамыз деп ойлаймын. Тәрбиешілерге жастарды тартып, еңбекқауыларын көбейтіп, білім сапасын жақсарту керек» деді мәслихат депутаты Серік Түсіпов.



## ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН

Наурыздың алғашқы аптасында су тасқыны кезеңіне дайындық аясында Нұр-Сұлтан қаласы ТЖ департаменті «Көктем-2021» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларын өткізді.

Оқу-жаттығудың негізгі оқу орны болып үйілме бөгеттерді нығайту, қар шығару, нөсер көріздерін тазалау, іздестіру жұмыстарын жүргізу, эвакуациялау және медициналық көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізілетін 4 аудан бекітілді. Сонымен қатар оқу-жаттығу аясында барлық 29 су тасқыны қауіп бар учаске қамтылып, қойылған міндеттерді орындауды үйлестіру үшін қаланың 4 ауданында шағын штабтар ашылды.

Тәжірибелік іс-қимылдың не-

гізгі 4 орнында (Ильинка-2 т. м. секторы, «Шебснаб» саяжай алабы, Агроқалашық және Лесозавод т. м.) үйілме қорғаныш бөгетін салу, топырақ толы қаптар салу, қар шығару, зардап шеккендер үшін жылыту және тамақтандыру пункттері, су тасқыны қауіп кезінде халықты эвакуациялау және хабардар ету, электрэнергетикалық желілердегі электр беру желілерінің үзілуін жою, сондай-ақ су шайып кеткен автокөлік жолында қалған жолаушыларды автобуспен эвакуациялау бойынша су тасқынына

қарсы іс-шаралар пысықталатын болады. Барлық арнайы-тактикалық оқу-жаттығулар нақты жағдайларға барынша жақын және тәжірибелік жағынан пайдалы болмақ. Су тасқыны салдарын жоюға қаланың шұғыл әрекет ету жасағы, құрамында 179 адам, 56 бірлік инженерлік техника (бульдозер, экскаватор, кран, тиегіш және камаз) жұмылдырылады. Құрамында жеке құрамнан 663 адам және 185 бірлік техника бар азаматтық қорғау органдарының топтамасы тұрақты әзірлікке келтірілді.

## АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ


Үстіміздегі жылдың 24 ақпаны мен 24 наурызы аралығында елордада «Уақыт өтіп жатыр!» айлығы жүруде. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Рүстемова осы кезеңде туберкулез саласындағы мамандар халыққа осы аурудың алдын алу, диагностикалау және емдеу туралы қажетті түсіндіру жұмыстарына шолу жасады. Қаланың БМСК ұйымдарында туберкулездің алдын алу бойынша ашық есік күндерін өткізу жоспарлануда.

– Бұл ұран – тек медициналық ұйымдарына ғана емес, қаланың барлық тұрғындары мен елорда қонақтары туберкулезге тексеруден өтуіне, туберкулездің алдын алу және анықтау мәселелері бойынша білім деңгейін арттыруына, әркімнің өз денсаулығына қатысты белсенді жеке өмірлік ұстанымын қалыптастыруына шақыру, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Қала әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылатын мұндай шара былтыр да өткізілген. Онда туберкулезді ерте анықтауды қамтамасыз ету мақсатында елорданың шалғай аудандарының тұрғындарын (Промышленный, Пригородный, Өндіріс, Көктал), сауда орталықтары және базарларының қызметкерлері мен келушілерін жылжымалы флюорографиялық қондырғы-

ларда тегін тексеру жүргізілді. Шара барысында туберкулезге профилактикалық тексеру кезінде


5000-ға жуық адам қамтылды, оның ішінде 104-і тұрғылықты жері жоқ адамдар болды.





# Өз орны бар Оразкүл

Рухани инісі ретінде жанында көп жүріп, мол мағлұматтан хабардар мен үшін, поэзия падишасы – Фариза Оңғарсынованың әпкем туралы: «Оразкүл сіңлім – үлкен қайраткер. Ол жүрген жерінің бәрінде де ел сүйсінеріз қалдырады. Қазағы да, орысы да қазақша сөйлесең құлағына ілмейтін Астананың куллі мекемесіндегілердің бәрін қазақ етті. Ол ештеңеден тайынбайды, қандай ортада тұрса да, ойын батыл айтады, біреулерге ұнамай қалармын деп жалтақтамайды» деп мақтаныш сезіммен сөз сөйлегенін естіген едім.



Реті келгенде айта кетейік, «бір адамның болашағы – бір адамға байланысты болады» дегендей, Оразкүл Асанғазықызына осындай мүмкіндіктерге жол ашып беруде Астана қаласының сол кездегі әкімі Әмірзақ Естайұлының «онтүстіктің идеологы» елордаға шақырып, Тілдерді дамыту басқармасының тізгінін ұстатқанының септігі тиді десек артық болмас.

Ел ағасы Қойшығара Салғара: «Шынайы ұлтшылдық әлдекіге еліктеуден, солай болайын деген ұмтыластан болмайды. Ол – адамға бала кезінен ананың сүтімен, атаның тәрбиесімен, ортаның өнегесімен бойға дарып, жаратылыс болмысымен біте қайнасып, тіршілігінің мақсат-мүддесіне айналатын сүйексінді қасиет. Ондай қасиет иесіне тұрақтылық тән. Ол тіршіліктің қиындығы мен жеңілігіне бейімделіп өзгермейді, саясат ағымына қарай құбылмайды,

қайда, қандай жағдайда болса да, ұлт мүдделі үдесінен шығуды көздейді. Мен білетін Оразкүл Асанғазы – осындай адам, туған халқын, өз ұлтын, ата-анасындай ардақтай білетін, шынайы сүйе білетін адам. Оның мемлекеттік тілдің мәртебесін асырып, тазалығын сақтау жолындағы тынымсыз еңбегі – осының айғағы» деуі көптің көңілінен шыққан уәж сөз болғаны да сөзсіз.

Еліміздің бас қаласында, елорда төрінде елдік, мемлекеттік мүдде жолында, мемлекеттік тіл мәртебесінің мерейін арттырып, халық құрметіне бөленген Оразкүл Асанғазы тарихи тұлғалардың, ғалымдар, ақын-жазушылар, өнер адамдарының мерейтойларын, кештерін, кездесулерін өткізу, түрлі байқаулар ұйымдастырып, тіл мерекесін өткізіп, зиялы қауымды жоғары оқу орындарының, колледждер мен мектептердің ұжымдарымен жүздестіріп, тыңдармандарына ой салдырған талай жиындардың ба-

ды. Алыс-жақын жердегі авторлар мен әдіскерлердің басын ұйыстырып, мүлгіп қалған кеудеге дем беріп бәрімізді дүр сілкіндірді. Орекеннің арқасында бәріміз батылданым іске кірістік. Өзінің үлкен лауазым деңгейіне қарамай, әрбір балабақшаға дейін аралап, тіл үйрену топтарының басы-қасында жүрді. Соның нәтижесінде онтүстік өңірдегі тіл мәселесінің шешімі Қазақстанның өзге аймақтарына үлгі боларлықтай дәрежеге жетті. Қазағы да орыс-орманы да орысша сөзсінде қалған қаланың бетін бері қарата қою оңай болмағанын көзімізбен көрдік. Ал енді қазір Астананың қазақшасы десек, Орекеннің аты аузымызға оралатын сәтте жеттік» дейді тіл білімі тарландарының бірі профессор Әлімхан Жүнісбек.

Оразкүл Асанғазықызы туған тілімізді тұғырына қондыруда практикалық жағына ғана мән беріп қоймай, социолінгвистиканың мықты маманы, профессор Бақытжан Хасанов бастаған бір топ ғалымның тұжырымдамаларына да назар аударып, бірлікте жұмыс істегенінің өзі - кешегі мұғалімнің университетте алған теориялық білімін практикамен ұтымды ұштастыру үрдісі айқын байқалды.

Мәңгілік махаббат пен адалдықтың символы Қыз Жібектің кинодағы бейнесін оқушы кезінде сомдаған әйгілі актриса Меруерт Өтекешова биыл жетпіске толды. Қазақ киносының Алтын қорындағы баға жетпес қазынаға айналған тарихи фильмге небәрі он жеті жасында түсіп, өнер тарихындағы орнын бір ғана киномен ойып тұрып алу – екінің біріне берілмейтін бақ. Биыл 25 ақпанда мерейлі жасын «Төлегені» - Құмансыз қарсы алған апамыздың жағдайын білуге өзіне хабарластық.



## Қазақтың Қыз Жібегі

Алғашқы киносына түскеннен бастап жұптары жазылмаған талантты тұлғаларды 2017 жылы Қазақ Ұлттық өнер университетінің ректоры Айман Мұсақожаева жастарға сабақ беруге елордаға шақырады. Ару Алматыдан әсем Астанаға келіп, шәкірттерді актерлік өмірге баулуға енді кіріскенде дүниеден Құман Тастанбеков өтті. Кинодағы өмірмен отбасылық құмыры бірдей басталған екі ғашықты осылай тек ажал ғана айырды. Сол кезде жалғызсырап қалған актрисаның жанына жалынды жастардың қаумалаған ортасы жалау болды.

Атақты режиссер Бекболат Құрманқожаевпен бірге жұмыс істейміз. Құман кетпес бұрын да жас актерлерді ел аралатып, гастрольдік сапарға апарып үйреттік. Орал, Атырау өңірі мен ауылдарын араладық. Биыл ең алғашқы түлектеріміз бітіреді. Бұлтырдан бері онлайнға көшкелі көбімен көріспедік. Оларды сағның қалдым. Студент балаларым да мені қатты іздейді. Карантинді жеңілдетіп, рұқсат беріп жатыр екен. Бұйырса, шәкірттерімен кездесер күн жақын, – деді актриса телефонмен берген сұхбатында. Жайықтың сұлуы Жібекті сол өңірде туған Меруерт Өтекешованың кинода сомдауы, бір топтырақтан шыққан арулар болмысындағы тамаша сәйкестік, мұның бәрі тегін-

метті атақтарға ие болды. Оның сұлулығының сыры – жүрек тазалығында және ата-анасынан «мұрагерлікке» қан арқылы берілген табиғи болмысында. Сал ертерек кеткен әкесі де, осыдан төрт жыл бұрын 92 жасында көз жұмған анасының да қартайғанша ажары таймапты. Сол асылдардың сынығы Меруерт Өтекешова да қазіргі жасына қарамастан жүзінен нұры төгіліп, аққұба сұлу қалпында қарап тұр.

## Бала жанының бағбаны

Біз бүгін бір отбасын ғана емес, тұтас мектепті аялы алақанымен тербеткен, шәкірттерінің арқасүйер тірегі, рухани қолдаушысына айнала алған Ләззат Әлиева жайлы сөз етеміз. Ләззат Нұрқалыққызы – еліміздің ең үздік педагогы, «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясын дайындауға үлес қосқан қарымды қаламгер. Жоғары сыныптарға арналған география оқулықтарының авторы.

Көктем ҚАРҚЫН

Бүгінде Ләззат Әлиева елордадағы Республикалық физика-математикалық мектепте сабақ береді. Ұстаздық жолда 33 жылдан астам уақыт еңбек етіп келе жатқан абзал жанның басты ұстанымы – балалардың жаны түсіне білу. «Мен үшін әр оқушы – қалыптасып келе жатқан жеке тұлға. Олардың да өз ойлары, пікірі бар. Қазіргі балалар өте ақылды, жан-жақты дамыған. Өздері қызыққан мәселелер туралы интернеттен, қосымша деректерден біліп алады. Сабақта сыни тұрғысынан ойланатындай сұрақ қойсақ, жоғары деңгейде жауаптар аламыз. Оларға патриоттық және экологиялық тәрбие беруіміз қажет» деді ұстаз. Өз саласының білікті маманы шәкірттерін жиі туристік-өлкетану үйірмелерге қатыстырып, түрлі жорықтар мен экспедицияларға алып шығады екен. Бұл – балалардың география пәнінен алған теориялық білімдерін практика жүзінде зерттеуге, табиғатқа қамқорлық жасауға, еңбексүйгіштікке баулитын керемет бастама. Тіпті Ләззат Әлиева 23 оқушымен 12 күн бойы палаткалы туристік лагерде бірге демалып қайтыпты.



Шәкірті десе жанын үзіп беруге дайын ұстаздың еңбегіне қайран қалмау мүмкін емес. Үздік педагогтың әңгімесін тыңдап отырып: «Мұғалім болмағанда кім болар едіңіз?» деп сұрадым. Ол көп ойланған жоқ. «Елестете алмаймын. Мен балаларды, географияны, саяхатты жақсы көремін. Мүмкін шығармашылықпен айналысатын бір мамандық иесі болар ма едім... Мүмкін жер туралы, ондағы құбылыстар, үдерістер, елдер, халықтар туралы қызықты, ғылыми-танымдық документті фильмдер шығаратын режиссер болар ма едім» деді.

Ләззат Нұрқалыққызының «Үздік мұғалім» атауына сабақ беруден бөлек, шығармашылық жұмыспен айналысуы, түрлі қалалық, республикалық педагогикалық конкурстарға, фестивальдерге қатысып жүзделі орындар алуы көп әсер еткен. Айталық, «Жас өлетанушылар мектебі» деген қолданбалы курс бағдарламасының авторы, «Қазақстан» қазақ ұлттық энциклопедиясының 5-10 томдарында 278 мақала жариялаған. Халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен басшыларға шыққан мақалалары да жетерлік.





Көктем  
ҚАРҚЫН

ГҮЛ СЫЙЛАУ  
ҚАШАН БАСТАЛҒАН?

Откен ғасырда адамдар гүл сыйлау арқылы өзінің кез келген сезімін білдіре бастайды. Гүлдеген шиі ағашының бұтағын сыйлау арқылы махаббатын білдірсе, сыйланған сүмбігүл (гиацинт) саны арқылы кездесу күнін белгілейтін болған. Сол кездің серілері ғашықтарына ақ раушан гүлін сыйлап ұсынсы жасаса, одан келісім ретінде дәстүргүлді (маргаритка) күтеді екен. Сөзім мен махаббаттың барша адамзатқа ортақтығы тәрізді, гүл сыйлау дәстүрі де – жалпы құндылық. Дегенмен әр гүлдің шығу тарихы туралы әртүрлі қызықты деректер бар. Мысалы, кішкентай ботакөз (незабудка) гүлі әлемнің көп тілінде бір мағынаны білдіреді. Ағылшынша forget-me-not, немісше vergissmelnicht деп аталады. Аңыз бойынша Құдай әлемдегі кішкентай гүлден басқа гүлдердің барлығына атау беріп, кішкентай гүлге: «Ұмытпа мені! Осы сенің атың болады» депті-мыс.

1720 жылы Карл Линней гүлдердің «уақытқа бейімделу» қасиетін пайдаланып, Швейцарияның бір шағын қаласында алғаш рет гүлді сағат ойлап тапты. Бұл ерекше сағаттың цифрлы беті бірнеше бөлімнен тұрды. Әр бөлімде гүлдің нақты бір түрі өседі. Мұндай сағаттың көмегімен уақытты дәл анықтауға болатын. Алайда гүлді сағаттың бір кемшілігі бұлтсыз шұақты күнде ғана жұмыс істейтін еді.

ЖҮП ГҮЛ АЖАЛ  
ӘКЕЛМЕЙДІ

Гүл сыйлау мәдениеті бойынша халық арасында тақ санды гүл сыйлау керек деген ұғым бар. Екі не он гүл берсе, ренжіп, алмай жатады. Мұның себебі неде? Бұл түсініктің түбі қайда жатыр? Ежелгі орыс халқында «ажал жалғыз келмейді» деген ұғым болған. Біздегі «қырсық бір айналдырса, шыр айналдырады» деген түсінікке жақын. Яғни посткеңестік елдер осы қағиданы ұстанып, жұп санды гүлдерді қабірге ғана апарыды. Сондықтан да шығар көпшілік әлі күнге дейін тірі адамға жұп гүл сыйлауды өлім тілеу белгісі ретінде қабылдап жүр.

Көктем мерекесі жақындаған сайын жақының қуантуға асыққан жандар «биыл қандай гүл сыйласам екен?» деп жиі ойланары сөзсіз. Гүлдің саны ғана емес, түсінің де, түрінің де өзіндік астарлы мағынаға ие екенін білетін шығарсыз. Айталық, раушан ежелден өте тартымды гүл ретінде саналады. Ақ түсті раушан поктік пен газалықтың нышаны болса, қызыл түс – махаббат пен сүйіспеншіліктің, сары раушан – қуаныш пен бақыттың белгісі. Ал қызғалдақ – шынайы сезім мен таза махаббаттың символы. Дегенмен көпшіліктен ерекшеленемін десеңіз, мерекеде дәстүрлі раушан мен қызғалдақты сыйламай, басқа гүлдерді де таңдап көріңіз. Мысалы, құрбыңызға сарыгүл, бақытгүл (хризантема), түймедақты тандасаныз болады. Анаңыз бен өпке-қарындастарыңызға қалампыр, қырмызыгүл, қызғалдақ, құнбағар, альстромерия, жанаргүл (горнивет), дәстүрлі (маргаритка) – таптырмас сыйлық. Әжеңіз бен енеңізге сары қызғалдақ, ақ раушан, көк гүл (фиалка), лотос, сары раушан, эпигея, зәйтүн керемет

# ӘЙЕЛ ЖАНЫ

## Тұлға құштар

Гүлді жақсы көрмейтін әйел заты жоқ шығар. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнінде көше бойы гүлге толып, гүл саудасы қыза түседі. Гүлдің де, гүлді сатып алушылардың да қарасы көп. Сұлулық символы ретінде қыздарға баланатын гүлдің адам жанын емдейтін, көңіл күйін көтеретін де қасиеті бар.



таңдау болары анық. Әріптесіңізді гүл сыйлап қуантқыңыз келсе ақ гүл, Гран При раушаны, сарғалдақ (лютик), магнолия секілді гүлдерді тарту еткеніңіз дұрыс.

ГҮЛІҢІЗ ҰЗАҚ ӨМІР  
СҮРСІН ДЕСЕҢІЗ...

Адамдар 10-15 күнге дейін балғындығын сақтап тұрған гүлдерді көріп таңғалады. Солмағанына тамсанбы: «Сірә, шын ниетімен сыйлаған ғой» деп жатады. Әрине, романтикаға сенуге болады, бірақ оның құпиясы басқада. Ресейлік флористер қауымдастығының президенті Валентина Сафронова мерекелік гүл шоқтарын өз қалпында ұзақ сақтауға минералды суды қолдану керек дейді. Ол үшін әдеттегі ағынды судың орнына минералды су қосасыз. Минералды судағы көмірқышқыл газы қиғаш кесілген және таза вазаға салынған гүлдердің өмірін ұзартуға көмектеседі. Маман гүлдерге ағартқыш пен аспирин, қант қосу әдістерінің пайдасын жоққа шығарды. Олар,

керісінше, гүлдердің жағдайын нашарлатады екен. Себебі қант өсімдікті өлтіретін бактерияларды дамытады. Сонымен қатар гүл шоқтарын жел қатты соғатын жерге және жылытқыш батареяның қасына қоймағаныңыз абзал. Сондай-ақ үйге әкелген гүл шоғын бірден ашып тастаудың қажеті жоқ. Оларға «өзіне келуге» уақыт беріңіз. Ол үшін гүлді 20-30 минутқа сол күйінде қалдыру керек. Гүлді құмыраға салмас бұрын оның түбін тағы да қиғаш кеседі.

ЕЛОРДАДА ҚҰНЫ ҚАНША?

Мереке қарсаңында қаламыз гүлге көмкеріледі. Сураныс та, ұсыныс та бар. Ал бағасы шарықтай түскен. Нұр-Сұлтан қаласындағы гүл нарығын зерттеп, бағасы қанша екенін анықтап көрдік. Нарықта қызғалдақтардың инелі және қарапайым, голланд және жергілікті түрлері сатылымда. Жергілікті қызғалдақтар 300 теңгеге, ал оның шетелден әкелінетін түрлері 600 теңгеден сатылуда. Раушан да

жергілікті және сырттан әкелінетін болып бөлінеді. Жергілікті раушан бағасы 600 теңгеден болса, шетелдіктің құны 800 теңгеден 1200 теңгеге дейінгі аралықта. Гүл сату бизнесімен 2 жыл айналысып келе жатқан жас кәсіпкер Мадияр Тамабектің айтуынша, шамамен жай күндері сатылатын гүлдің 4-5 айдағы мөлшері мерекенің бір күнінде өтіп кетеді екен. «Гүлдерді әртүрлі елдерден, раушанды Эквадор мен Кениядан алдырамыз. Сонымен қатар Алматы, Шымкент пен Степногорск қалаларындағы жылыжайлардан да келіп тұрады. Гүлдерді ұзақ сақтау үшін арнайы күтім жасап, 2-5 градус аралығында тоназытқышта сақтаймыз. Гүлді солатын ыдыс пен суы таза болуы керек. Кейбір жерлер арнайы кристалдар мен қант қосып жатады. 8 наурыз кезінде қызғалдақтарды көп аламыз. Қызғалдақ ұзақ сақталу үшін күн түспеуі қажет. Сатуға бір күн қалғанда ғана суға саламыз. Алдын ала салсақ, су көп «ішіп» өліп қалуы мүмкін. Шетелден келетін гүлдер мен жергілікті гүлдердің айырмашылығы көп. Біздікілер арзан болса да, сапасы төмен және түрлері аз. Кениядан алатын гүлдер тапсырыс бергеннен кейін кесіліп, қорғап-қорғаппен дайындалады. Одан кейін бір аптадай жол жүріп келеді. Қабылдап алғаннан кейін тағы бір жетінің ішінде сатамыз. Сонда біз жаңадан әкеліп, балғын деп сататын гүлдердің өзі 2-3 апта бұрын кесілген. Ал жергілікті гүлдерді кесіп бізге жібереді, бірақ соның өзінде олар 4-5 күнде солып қалады» деді кәсіпкер.

Із, отандық гүл сату нарығы жалпы сураныстың тек 25 пайызын ғана қамтамасыз ете алады. Әйел бар жерде ән де бар, гүл де бар. Ендеше гүл сатудың өлмес кәсіп екені анық.

## МӘСЛИХАТТАҒЫ МЕДИЦИНА МАМАНЫ

Жаңадан сайланған Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының VII шақырылым депутаттарының 30 пайызын әйелдер құрайды. Сайлау өте салысымен жұмысын бастаған бас қала мәслихаты елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды мәселелерді талқылауға қызу кірісті. Пікірталастарда, депутаттық сауал жолдау жағынан ер-азаматтардан әйел депутаттар да қалыспайды. Мәслихаттың жаңа құрамында барлығы 31 депутат болса, соның сегізі – әйел.

qalzhanov.amangali@gmail.com  
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жұмысты ұйымдастыруға қатысты алғашқы отырыстардың бірінде алдымен мәслихаттың төрт тұрақты комиссиясының төрағалары сайланды. Соның ішінде әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөнінде тұрақты комиссия басшылығына бірауыздан Алтыншаш Табулдина таңдалды. Бір айта кетерлігі, мәслихаттың VI құрамынан жаңа сайланымға үш депутат өтсе, соның бірі – Алтыншаш Жұмашқызы. Бұл тұрғыдан алғанда, ол қаланың өзекті мәселелерін бұрыннан таныс. Комиссия тізгіні қолына берілгеніне де бұл жағдай үлкен әсерін тигізді деп ойлаймыз.

– Қаланың өсуі өте қарқынды. Елордаға жыл сайын еліміздің әр аймағынан оқуға, жұмыс істеуге, жалпы бақыт іздеп 50 мыңнан аса адам көшіп келіп жатыр. Ал халыққа жайлы баспана, қазіргі заманға сай келетін балабақшалар, мектептер, ауруханалар керек. Қоғамдық көлік қызметі сапалы болуы қажет. Сонымен қатар қала өз даму бағытынан жаңылмауы тиіс. Ұзақмерзімді жоспарларын іске асырып, шаһарға қажет алаңдарды құрып, білікті мамандарды тартуы қажет, – дейді депутат.

Алтыншаш Табулдина – Целлиноград мемлекеттік медицина институтының түлегі. Осы оқу орнынан дәрігер-педиатр мамандығын алып шықты. Еңбек жолын бастағанына да отыз жылға жуықтады. Бастапқыда қалалық балалар ауруханасында жұмыс істеп, тәжірибе жинақтады. Қарапайым дәрігерден бөлімше меңгерушісіне дейін көтерілді. Біліктілігі, тәжірибесі, іскерлігі ескерілген болуы керек, 2007 жылы №5 қалалық емхананың бас дәрігері болып тағайындалды. Күні бүгінге дейін

осы қызметті атқарып келе жатыр. Оған да он бес жыл болып қалды. Ақ халатты абзал жан болғаннан кейін індетпен күресте алдыңғы шепте келе жатыр. Әрине, әлеуметтік саладағы басқа да мәселелер депутатты толғандырмай қоймайды.

– Індетке байланысты мектептегі балалардың қауіпсіз ортада білім алуын қамтамасыз ету өте маңызды. Жалпы денсаулық сақтау саласына келетін болсақ, ондағы басты мәселе кадр тапшылығы мен жалақының аз болуына келіп тіреледі. Ал індетке қарсы жаппай екпе шараларының болмауына жоспарлы жүргізілуіне байланысты екенін алып үлгерген адамдардың халін дер кезінде бақылау жұмыстарын қолға алу керек, – дейді Алтыншаш Жұмашқызы.

Дәрігерді, әсіресе медицина мамандарының ақпараттық жүйелермен жұмыста жүктемелері көбейіп кеткені қатты толғандырады. Оның айтуынша, адамды бір қабылдауда дәрігер осы жүйеде электронды құжатты толтыру үшін көп уақыттын жоғалтады. Себебі – тиісті бағдарламаларды бір-бірімен байланыстың жоқтығы. Пациентті УЗІ-ге, рентгенге, талдауға немесе медицина маманымен кеңесуе жіберу үшін осы құжатты екінші қайтара толтыруға тұра келеді. Өйткені алдыңғы толтырылған құжат тиісті маманға бармайды. Науқасты әр дәрігерге жіберген сайын медицина маманы осыны қайталауға мәжбүр. Қайталау үштен он беске дейін кетіп қалуы мүмкін.

Алтыншаш Табулдина – денсаулық сақтау ісінің үздігі. «Құрмет» орденінің иегері. Әрине, жұмыста ақ халатты абзал жан, білікті басшы, қоғамда белсенді әйел. Ал шаңырағында асыл жар, аулы ана. Екі баланы тәрбиелеп отырған ол – «шағын мемлекеттің» ұйытқысы, елдің, елорданың дамуына өзіндік үлесін қосып жатқан жан.

## ӘУЕ КЕМЕСІН ТІЗГІНДЕГЕН АРУ

Ол көк аспанның төрінде әуелуді аңсады. Ұшқыны ұшқыш болуға итермеледі. Авиацияға деген махаббаты қызметтің қиындығын көрсетпей, ақыры дегеніне жеткізді. Бүгінде әуе көлігін өзі басқарады. Аспанда 1200 сағат ұшқан ол әр жұмыс күнінде жүздеген жолаушының өміріне жауапкершілік алып, әуе кемесінің 7 миллионға жуық тетігін тізгіндейді. Бұл – ерлердің ісі саналатын күрделі де қиын мамандық иесі Қымбат Артықбай. Көктеммен бірген келген күлімкөздердің төл мерекесінде қазақтың жаужүрек қызы жайлы әңгімелеуді жөн көрдік.

naima.kz.2012@bk.ru  
**Наима  
НҰРАЛЫҚЫЗЫ**  
«Air Astana» әуекомпаниясы Epiwraeg ұшағының екінші ұшқышы Қымбат Артықбай – 27 жаста. Қазақ орыс және ағылшын тілдерінде еркін сөйлейді. Екі жылдан бері әуеде. «Алматы қаласындағы Азаматтық авиация академиясында авиадиспетчер мамандығы бойынша білім алдым. Ал ұшқыш мамандығына

Ab-initio бағдарламасы бойынша Испанияда, Flight Training Europe мектебінде оқыдым. Ұшқыш болу бала кездегі арманым емес. Тек авиация саласына деген шынайы қызығушылық асқан шеберлікті меңгеруге көмектесті. Көк аспанның кереметі көп. Мектеп бітіргенде бірден осы қызметті таңдадым. Ата-анам да шешімді қолдады. Біздің елде ғана емес, әлем бойынша бұл мамандық ер-азаматтарға тиесілі көрінеді. Менің ойымша, бір салаға шынайы қызықсаң, жолында кезі-

тетін қиындықтардың бәрине төтеп бере аласың, сынақтардан сүрінбей өтесің. Ұшақ басқарудан жалыққан емеспін. Табиғаттың таңғажайып құбылыстары, аспанның әсемдігі таңғалдыруың тоқтатпай келеді» дейді ұшқыш қыз Қымбат Артықбай.

Ең алғаш рет бір моторлы Piper Warrior ұшағын басқарды. Флот есінде мәңгіге сақталған ерекше сәтті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес дейді.

«Херес әуежайы. Тұңғыш рет инструкторсыз жалғыз ұштым. Бойымды бір сәтте қуаныш, қорқыныш, толқу биледі. Десе де бірер минуттардан кейін жұмысымнан ләззат алып, әрбір секундты сезіне білдім. Негізі, мен ұшақтан қорықпаймын. Себебі бұл – мен үшін ең қауіпсіз транспорт түрі. Ұшу уақытынан 1 сағат алдын келеміз. Әуе көлігінің меңгеруге көмектесті. Біз ұшақтағы детальдың саны 6-7 миллионға жетеді. Оның бәрін бақылауда ұстау оңай емес, әрине. Сондықтан бір



ұшақты екі маман басқарады. Біз бөлек-бөлек тамақтанамыз. Араға 30 минут салып ақ ішу міндеттелген. Бұл қос ұшқыштың бір мезетте ұланбауы үшін қарастырылған. Ор-

таша есеппен айына 80-90 сағаттай әуеде боламыз. Мамандар толық тексерістен өткеннен кейін ғана жұмысқа кіресің Мен ұшатын ұшақ Қазақстан ішінде және жақын шет

елдерге (Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан, Грузия) ұшады. Бірақ ол жерлерге біз тек барып келеміз, қалмаймыз» деп тарқатты ол.

Авиацияда жұмыс істеу үшін әуелі денсаулығыңның мықты болу керек. Әр рейстің алдында бүкіл экипаждың денсаулығы жіті тексеріледі. Ауа райына бағыныштымыз, күрт нашарласа, рейс тоқтайды. Ал ол уақытта әуеде болса, шұғыл түрде алдын ала әзірленген қосымша аэродромға қонады.

«Ұшқыш болу үшін жауапкершілік пен зеректік қажет. Ұшаққа кірген сәттен бастап жүздеген жолаушының өмірі біздің қолымызда болады. Кез келген мәселені шешуде ақыл ғана емес, жолын, ыңғайын таба білу маңызды. Аспанда әр секунд үлкен рөл атқарады. Берілген ақпаратты тез ұғып, жылдам әрі дұрыс шешім қабылдауың керек. Сондықтан алғырлық қажет. Мінез-құлық тұрақтылығы, кез келген жағдайға сабырлық, байсалдылық таныта білу де өте маңызды» деді ол.

Қымбат болашақта әуе кемесінің командирі болуды армандайды. Батыл қыздың мақсатына жететініне сенеміз.





МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №25 (4149) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns for ID, Name, Birth Date, and Description. It lists various individuals and their roles in state service, budget organizations, and military. The table is organized in a grid with multiple columns per row.



№26 (4150) 06/03/2021 Сенбі

Table with 20 columns: Candidate Name, Gender, Date of Birth, Birthplace, Date of Application, Date of Meeting, Meeting Place, and Detailed Meeting Content. The table lists numerous candidates for various positions, with detailed descriptions of their qualifications and the discussion points raised during the meeting.

КАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ЖЕТИНШІ САЙЛАНЫМНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2021 жылғы 10 наурызда сағат 10.00 «Zoom» сервисінің бейнеконференцбайланыс платформасында өтетін, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 553/77-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
Сессияның қарауына келесі мәселе енгізіледі:
1. «Нұр-Сұлтан қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 553/77-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
2. «Нұр-Сұлтан қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жоләуешулер көлігінде жол жүруге төлем төлеудің босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
3. «Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
4. Нұр-Сұлтан қаласының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы.
5. «Астана қаласында балабақшалар салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 19 мамырдағы № 140/19-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
6. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қуағо байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікте иеліктен шығару шарттарының

жобаларын келісу туралы.
7. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй-коммуналдық дамуын 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласындағы тұрғын үй қорын реновациялау жобасы іске асыру жөніндегі Тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы.
8. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №496/65-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
9. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы.
10. Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі Кеңестің құрамы туралы.
11. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясының құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №424/54-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
12. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты» ММ құрылымын бекіту туралы.
13. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 364/45-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
А н ы қ т а м а т е л е ф о н д а р ы : 55-66-35, 55-66-36

Е. КАНАЛИМОВ, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы



Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің бәсекесіне қабілеттілігін арттыру және еңбек нарығына бағытталған маңызды мамандықтарды игеру еліміздегі ішкі саясаттағы басым бағыттардың бірі болып отыр. Техникалық мамандықтарды оқытуға басымдық беру, сондай-ақ қысқа мерзімде дайындалатын кәсіптік мамандықтардың нарықтағы сұранысын қамтамасыз ету – Кәсіптік білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің қатарында. Осы міндеттердің үлесін шығу мақсатында түрлі менеджменттік шаралар өткізіледі. Солардың бірі – мамандықтар сайысы.

Жыл сайын техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері арасында өткізілетін, жұмыссыз кәсіптің мәртебесін арттыруға ықпал ететін мамандықтар сайысының бірі – WorldSkills-чемпионаты. Еңбек нарығы сұранысына бейімделе отырып, оқыту мен өндірістік тәжірибені жолға қоюға Басқару колледжі елордалық іргелі оқу орындарының біріне айналды. Мемлекеттік жекеменшік серіктестік шеңберінде мұқтаж мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыстар орындай отырып, орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуға серпін беретін көптеген мамандықтарға оқылуда.

WORLD SKILLS: ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Біздің мекеме 2017 жылдан бастап біз білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын жаңа талаптарды үйлестіретін, жұмыс орындарын құратын және жұмысшы кәсіптің мәртебесін арттыратын WorldSkills жобасына қатысып келеді. Осы кезеңде колледж студенттері «Сан технологиясы» бағыты бойынша республикалық деңгейдегі «WorldSkills-Қазақстан» чемпионатына қатысты. Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының қолдауымен өткізілетін «WorldSkills-Нұр-Сұлтан» чемпионатына 2017-2018 жылдары колледж



студенттері 6 бағыт бойынша, ал 2019-2020 жылдары «Веб-дизайн және әзірлеу», «Сән технологиясы», «Графикалық дизайн», «Қонақ үйді басқару», «Электрмонтаждау жұмыстары», «Желілік және жүйелік басқару», «Шаштараз ісі», «Флористика», «Интернет-дизайн» және «Ақпараттық кабель жүйесі» мамандықтары бойынша қатысып, білім мен біліктілігін сарпқа салды. Техникалық мамандықтардың бөлініп және кәсіби дайындық стандарттарын арттыруға бағытталған WorldSkills International халықаралық чемпионатына қатысу біздің колледждің заманауи материалдық-техникалық базасын қампастыруға мүмкіндік береді, нәтижесінде WorldSkills стандарттарына сәйкес шеберханалары бар 6 кабинет жабықталған. Конкурсқа қатысу барысында қол жеткізген жыл сайынғы табыстар адағы уақытта білім беру саласын жетілдіріп, заманауи бәсекелестік талаптарына төтеп беруге, сонымен қатар жаңа белестерді бағындыруға батыл қадам болады деп есептейміз.

Аталған жарысқа жас білікті жұмысшылар, университеттер мен колледждердің 22 жасқа дейінгі студенттері, сондай-ақ үміткерлердің шеберлігі мен біліктілігіне баға беретін сарапшылар мен белгілі кәсіпқойлар, мамандар, өндірістік оқыту шеберлері қатысады.
Биылғы «WorldSkills-Нұр-Сұлтан» чемпионатында «Шаштараз ісі» мамандығы бойынша біздің колледжіміздің студенті Давлеталы Сандуғаш 1-орынға ие болып, байқауға қатысу халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті маманның қалыптасуына қалай әсер ететінін колледж студенттеріне дәлелдеп берді. «Сәнқұмар» ЖШС директоры Абыканова Сәуле Әділбекқызы бастаған қазылар алқасы тәлімгерлердің үлесін жоғары бағалап, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі колледжі оқытушыларының шеберлігін атап өтті.
Арнайы пәндердің тәжірибелі оқытушылары және жас мамандар - Бейсенбаев Н.К., Рахимова А.К., Калиметова Ж.И., Кубентаева У.Ж., Қаппақпаева З.С., Ташимбетова А.Т. біздің колледж студенттерінің халықаралық деңгейдегі байқауларға қатысуына жағдай жасап, бейіндік бағыттар мен бағалы нұсқаулықтар беріп отырды.
Нұр-Сұлтан қаласының «Басқару колледжі» ЖШС 20 жылдық тарихы бар оқу орны, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау бойынша өз міндеттерін лайықты орындап келеді және еліміздің болашағы үшін, тұрғындардың лайықты білім алып, біліктілігін шыңдау жолындағы игілікті істерін жалғастыруда.
Е.КАБАР, «Басқару колледжі» ЖШС директорының оқу-тәжірибелік жұмысы жөніндегі орынбасары

Table with 10 columns: ID, Surname, Name, Middle Name, Date of Birth, Gender, Education, Address, and Remarks. It lists candidates for the 7th session of the Nurtan City Maspilhaty and Residents of Nurtan City.

(Жалғасы бар)

Газетіміздің келесі саны 2021 жылдың 11 наурыз күні шығады.

12 МӘДЕНИЕТ

№26 (4150) 06/03/2021 Сенбі

**Б**ұлар – өте бақытты толқын. Халық қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетов, Қазақстанның халық әртісі Гүлжан Әспетова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Юрий Ханинганы сынды майталман ұстаздардың алдын көрді. Бұлар деп айтып жатқанымыз – Шах-Мұрат Ордабаев, Ернияз Бірімқұлов, Жанат Оспанов, Жасұлан Ерболат, Таңсұлу Батталова, Гауһар Жүсіпова және Айнуір Жетпісбаева. Бұл кезең «Театр» факультетінің алтын дәуірі еді.

Айнуір Жетпісбаева – академияда оқып жүргеннен бастап, елорданың қазақ музыкалық драма театрына жұмысқа қабылданады. Театр сахнасындағы дебюттің бейнесі Еркін Жұасбектің «Үйлену» комедиясындағы Зерек болатын.

Зерек – қазақ қыздарына тән ибалықты сақтаған, тәрбиелі, қазақы тәрбиені бойына сіңірген қыз. Қазіргі кезде тура жолдан тайып, жаман қылықтарға әуес қыздарға Зерек образы үлгі көрсете алды. Кез келген актрисаның арманы – басты кейіпкерлерді нұсқалап, сахнада бейнелеу. Бұл жағынан келгенде актриса Айнуір – бақытты. Сахна алаңында отызға жуық басты кейіпкерлерді өнерге келген он жылдан астам уақыт ішінде ойнады. У. Шекспир «Ромео мен Джульетта» - Джульетта, «Отелло» - Эмилия, М. Фриш «Дон Жуанның думаны» - Миранда, И. Штраус «Жұбайлар жұмбағы» - Лотта, А. Чехов «Апалы-сіңлі үшеу» - Наталья, М. Әуезов «Айман-Шолпан» - Шолпан, Ғ. Мүсірепов «Ақан сері-Ақтоқты» - Ақтоқты, «Қыз Жібек» - Дурия, Қ. Шаңғытбаев пен Қ. Байсейітов «Беу, қыздар-ай!» - Айсұлу, Т. Ахтанов «Күшкі күйеу» комедиясында - Ботка, Т. Дзюдженовтың «Көшкін» - Келін, Р. Отарбаев «Көлеңкесіз жолаушы» - Торжан, Д. Рамазан «Кенесары-Күнмжан» - Күнмжан, Ж. Эврен «Ізгілік формуласы» - Кристина, М. Ахманов «Алдардық айласы» - Қоян, А. Салбан «Ойыншықтар оянда» - Доп, О. Жанайдаров «Жұт» - Сәуле, Низами «Ләйлі-Мәжнүн» - Кемпір сынды бейнелерді кескіндеді.

Айнуір – Күнмжанды қазақ театрында тұңғыш ойнаған актриса. Думан Рамазанның бұл пьесасы қазақтың соңғы ханы Кенесары мен Күнмжан арасындағы ыстық махаббат пен ерекше сүйіспеншілікті және Кенесары мен Қоңырқұлжаның тартысын бейнелейді. Актриса кейіптеген Күнмжан – сол кездегі теңсіздіктің құрбаны болған ару.

Айнуір Жетпісбаева түрлендірген Жан Эвреннің «Ізгілік формуласы» комедиясындағы Кристина – аңқаулық пен аққөңілділігі арасында жатқан кей-

іпкер. Сүйген жігіті Самір (Жасұлан Ерболат) екеуі эмигрант болып, Францияға келген жастар. Панасыз, қорғансыз, жүрген қос ғашыққа достары Мануэль (Шах-Мұрат Ордабаев) өзінің анасы үй қызметшісі болып істейтін Маривон ханымның ас үйдегі кішкентай бөлмесін паналауға береді. Самір мен Кристина сахнада үйлесімділік дуэтің құрды. Жасұлан Ерболат пен Айнуір Жетпісбаева ойынында аталған екі кейіпкердің өмірдің ыстық-суығына бірге тезуге әзір екенін байқай алдық.

# ҚАЛЛЕКИ ТЕАТРЫНЫҢ «КҮНІМЖАНЫ»



Сахналық еркіндік – актердің сахна алаңындағы қалыпты көңіл-күйінің қайнаған тас қайнанып, сол көзден бұрқыдап аққан қос бұлақтай болып ішкі және сыртқы еркіндік заңдылықтары кең өріс алады. Өйткені сыртқы еркіндіктің сынаптай сырғыған сұлулығы, қимылдары емін-еркін, қозғалыс көркі түгелдей актердің ішкі еркіндігінен өркен жаяды. Яғни, сыртқы емін-еркіндік – ішкі емін-еркіндіктің жемісі, нәтижесі. Ал ішкі еркіндік – мақсат пен әрекетке деген мол сенім. Өз мақсатына берік адам жалтақтамай батыл қимылдайды, өзіне-өзі сенімді болады.

Айнуір Жетпісбаева – ішкі және сыртқы еркіндікке толы ғана емес, ең алдымен рөл тудырушы актриса. Ол – әр бейнесіне теңіз түбіндегі маржандай ізденіспен қарайтын маман. Кез келген кейіпкеріне ізденіспен қарайтын актрисалардың бірі де – Айнуір Жетпісбаева. Бұған Филиппо Болоньяның «Байланас аясы» драмасындағы Карлотта сөзіміздің дәлелі бола алады. Күйеуінің жылуын аңсап жүрген Карлотта сахнада шынайы күліп, шын күрсінеді. Сахнадағы кейіпкерлер «лирикалық», «драмалық», «әлеуметтік» болып үш топқа бөлінеді.

Актриса өз шығармашылық жолында аталған үш топтағы кейіпкерлерді сахнада тудырды. Солардың бірі – Олжас Жанайдаровтың «Жұт» драмасындағы Сәуле. Бұл туынды елімізде орын алған отызыншы жылдардағы нәубет апаршылықта халықтың тартқан қасіретін көрсетеді. Сәуле – әлеуметтік кейіпкер. Ол – тарихта болған оқиғаларды келешек ұрпаққа жеткізу үшін өзін құрбан еткен жан.

Айнуір Жетпісбаеваның актрисалық ерекшелігі – үнемі ойыны күш-қуатқа, энергияға толы. Көрермен сүйер ағайын! Өз журналдарыңызды жаздырып алуға асығыңыздар!

Бахтияр ТҮРСЫН, жас театранушы

## СПОРТ



### ТАРАЗЫ БАСЫ ТЕҢЕСТІ

Гагарин кубогы үшін өтіп жатқан плей-офф ойындары жалғасуда. «Барыс» екінші кездесуінде «Металлург» командасынан айласын асырды.

galym\_k1963@mail.ru

#### Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Матчтың бірінші кезеңінде астаналық Кирилл Паноков есеп ашса, екінші кезеңде алаң иесі Нестрашил қарымта гол соқты. Үшінші кезең нәтижесіз болды. Ал негізгі ойыннан кейінгі овер-таймда «Барыс» капитаны Даррен Диц мергендігімен көзге түсті. Оның 29-ыншы секундта алыстан соққан шайбасы қорғаушылар да, қақпашы да тосқауыл бола алмады. Сөйтіп «жеке-жекте» таразы басы теңесті.

Енді плей-офф ойындары Нұр-Сұлтанда жалғасуда. 6, 8 наурызда «Барыс Арена» спорт сарайында «Барыс» - «Металлург» ойындары өтеді.

### БҮГІН – ФИНАЛ!

Түркістанда өтіп жатқан Суперкубок турнирінің жеңімпазы ертең белгілі болады.

Финалда «Астана» мен «Тобыл» кездесетін болды. Матч «Түркістан Арена» стадионында 15.00-де басталады.

Кеше үшінші орын үшін «Қайрат» пен «Шахтер» кездесіп, бұл ойында алматылық команда 2:1 есебімен жеңіске жетті.



### ТЕННИС ТУРНИРИ

Нұр-Сұлтан қаласында теннистен ATP Challenger Tour сериясы аясындағы «Forte Challenger 100» турнирі өтіп жатыр. Халықаралық жарыстың жүлде қоры 260 400 АҚШ долларын құрайды.

Турнирде ATP рейтингінде жүздікке кіретін америкалық Маккензи Макдональд, ресейлік Евгений Донской, чехиялық Томаш Мачек, германиялық Сандрик-Марсель Штребе, словак Мартин Клижан, өзбекстандық Денис Истомин және басқа да танымал теннисшілер бақ сынады. Қазақстан намысын еліміздің бірінші ракеткасы Михаил Кукушкин, Александр Недовесов, Денис Евсеев және Тимофей

Скатов сынды теннисшілер қорғаған еді. Өкінішке қарай, жерлестеріміз жүлдегерлер қатарынан көрінбеді.

Бүгін Ұлттық теннис орталығында жұптық жарыстардың финалында Ламмонс/Уитроу – Паша/Шнур жұптары ойнаса, жекелей жарыстың жартылай финалында Т.Махач (Чехия) пен П.Гуннесваран (Үндістан), сондай-ақ С.Офнер (Австрия) мен Т.Даниэл (Жапония) кездесетін болды.

## ЖАҢА ЖУРНАЛ ДРАМАТУРГИЯҒА ДЕН ҚОЯДЫ



Бүгінгі заманда не көп? Әртүрлі салаға бейімделіп шығарылып жатқан мерзімдік басылым көп! Әрине, әрқайсысы өзіне тиесілі міндетті атқаратыны бесенеден белгілі. Басылымды қай кезде де көпсінуге болмайды.

Дей тұрсақ та, осы кезде көптеген әдеби-мәдени басылымдарда поэзия мен прозалық шығармаларға мольнан орын беріледі де, ал әдебиеттің тағы бір елеулі жанры – драматургияға көңіл аударылмай жатады. Көп жағдайда драматургия – театр үшін жазылған дүние ретінде қабылданады. Алайда драматургиялық шығарма мәтін түрінде де оқылымды бола алатыны

ескерілмейді. М і н е, о с ы н д а й олқылықтардың орнын толтыру үшін биылғы жылдың қаңтар айынан бастап «Роман & Драма» атты әдеби-көркем журнал шығара бастады. Мұнда әр нөмір сайын бір прозалық және бір драматургиялық шығарма жарияланып отырады. Бұл басылымның тағы бір ерекшелігі – мұнда тек

қазақ қаламгерлері ғана емес, сонымен бірге шетелдік, әсіресе түркі тілдес елдердің прозалықтары мен драматургтерінің төл туындылары (орыс тілінде) жарияланады. Журнал айына бір рет, қазақ және орыс тілдерінде шығады. Жаңа журналдың алғашқы екі нөмірі жарыққа шықты. Алдағы уақытта қазақ

қаламгерлерінің прозалық және драматургиялық жаңа туындыларын күтеміз. Ал әдебиет сүйер ағайын! Өз журналдарыңызды жаздырып алуға асығыңыздар!

Жолтай ЖҰМАТ-ЭЛМАШУЛЫ, «Роман & Драма» журналының бас редакторы, жазушы-драматург

### НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

06/03 12:00, 14:00, 16:00 «МАХАББАТ МИНИАТУРАЛАРЫ»	06/03 19:00 «ЖАСТАР» ТЕАТРЫ	06/03 14:00 «ЖАН АНАМ» КОНЦЕРТІ	06-08/03 18:00 «АҚҚУ КӨЛІ»	06-07/03 17:00 «ҚОШ МАХАББАТ» МЕЛОДРАМАСЫ	06-07/03 17:00 «ЖҰЛДЫЗ БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ» КОНЦЕРТІ	08/03 19:00 «ҒАШЫҚ ЖҮРЕК» СПЕКТАКЛІ
«МАУГЛІ» ЕРТЕГІСІ	Куршақтар театры	«Жастар» театры	Астана Опера театры	Ә. Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры	Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік академиялық филармониясы	Музыкалық жас көрермен театры

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС  
Директор – Ержан ЖҮНІСОВ

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Апталық таралымы – 15 000 Тапсырыс №26  
Баспаханасыз: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30. «Медиа-холдинг «ERNU» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙСОВА